**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 наурыздағы N 384 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 8 шілдедегі N 715 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.11.07. N 1059 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Сапа саласындағы конкурс туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 наурыздағы N 384 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 11, 128-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1-тармақта "сапа саласындағы жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыйлығын алуға конкурстар" деген сөздер "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыйлығын алуға конкурстар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 және 3-тармақтарда "сапа саласындағы жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыйлығын" деген сөздер "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыйлығын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулыға қосымшада:
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сапа саласындағы жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыйлығын беру жөніндегі комиссияның құрамы";

көрсетілген Комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Кравченко Иван Михайлович - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда бірінші вице-министрі, төрағаның орынбасары

Әбдімомынов Азамат Құрманбекұлы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі

Мәтішев Әлиақпар Болатұлы - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бәсекелестікті қорғау комитетінің төрағасы;

мына:

"Мыңбаев Сауат Мұхаметбайұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға

Құсайынов Әбілғазы Қалиақпарұлы - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау,

метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің төрағасы"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Мыңбаев Сауат Мұхаметбайұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі, төраға

Құсайынов Әбілғазы Қалиақпарұлы - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің төрағасы";

көрсетілген құрамнан Жақсыбеков Әділбек Рыскелдіұлы, Бектұрғанов Нұралы Сұлтанұлы, Жүндібаев Валерий Ермекбайұлы, Хорунжий Андрей Григорьевич, Орымбаев Ардақ Сиязбекұлы шығарылсын;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Сапа саласындағы жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыйлығын беру ережесінде: тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сапа саласындағы жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыйлығын беру ережесі";

2, 3, 11 және 12-тармақтардағы "Сапа саласындағы жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыйлығын", "Сапа саласындағы жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы Үкіметі сыйлығының", "Сапа саласындағы жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыйлығы" деген сөздер тиісінше "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыйлығын", "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасының Үкіметі сыйлығының", "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыйлығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта "Өнімнің бір түрі бойынша" деген сөздер "белгілі бір номинацияда" деген сөздермен ауыстырылсын;

7, 8 және 9-тармақтарда "Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті", "Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетіне" деген сөздер тиісінше "Техникалық реттеу және метрология комитеті", "Техникалық реттеу және метрология комитетіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) көрсетілген қаулымен бекітілген "Қазақстанның жақсы тауарлары" республикалық конкурсын өткізу ережесінде:

1-тармақта "Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті " деген сөздер "Техникалық реттеу және метрология комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Конкурсқа өнеркәсіптік және азық-түлік тауарларын өндіруді жүзеге асыратын барлық меншік нысанындағы ұйымдар қатыса алады. Конкурсқа қатысу үшін Техникалық реттеу және метрология комитетіне белгіленген мерзімнен кешіктірмей өтінім беру және белгілі бір құжаттар жиынтығын тапсыру қажет.";

5) көрсетілген қаулымен бекітілген Сапа саласындағы жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыйлығын беру жөніндегі комиссия туралы ережеде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сапа саласындағы жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыйлығын беру жөніндегі комиссия туралы ереже";

1-тармақта "Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті " деген сөздер "Техникалық реттеу және метрология комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Комиссияның жұмыс органына мынадай функциялар жүктеледі:".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК